



КАДР ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында жұмысшы кәсіптері бойынша кадр даярлаудың жаңа тәсілдері талқыланды. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте осы және өзге де мәселелерге орай жауапты тұлғаларға тапсырмалар жүктелді. Жұмысшы кәсіптері бойынша кадр даярлаудың жаңа тәсілдері жайында облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов баяндама жасады.

«Жұмысшы және орта буын мамандықтары бойынша кадр даярлаудың мемлекеттік тапсырыс көлемін анықтап, 30 қарашаға дейін ұсыныс енгізіңіздер. Облыстық білім басқармасы кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, колледждерде мемлекеттік тапсырыспен білім алатын студенттер тәжірибе жинақтау үшін дуальды оқытумен қамтамасыз ету қажет. Кадр даярлау жүйесін еңбек нарығының нақты қажеттілігіне бейімдеу маңызды. Жыл сайын жаңа технологиялар енгізіліп, заманауи талаптар күшейіп келеді. Осы ретте өңіріміздің ауыл шарашылығы, кәсіпкерлік, құрылыс, энергетика, коммуналдық салаларына алдағы 3-4 жылда қандай мамандар қажет екенін анықтауымыз керек», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Айта кетейік, облыстағы 28 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымында 87 мамандық 153 біліктілік бойынша 20 873 студент оқиды.

Биыл 1-курсқа 5 584 студент қабылданды, 15 477 студент мемлекеттік тапсырыспен білім алады, 24 колледжде дуальды білім берілуде, 17 колледж шефтік қамқорлыққа алынған.



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2027 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 705 982 76 61,
8 777 752 54 63.

БОЛАШАҚ ЗАҢГЕРЛЕРГЕ ЖАҢА ДӘРІСХАНА АШЫЛДЫ



Корқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік құқығы» дәрісханасының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Дәрісхана студенттердің қылмыстық-процестік құқық саласындағы теориялық білімін тереңдетіп, құқық қорғау органдарының практикалық қызметімен танысуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар мұнда болашақ заңгерлердің кәсіби дағдыларын қалыптастыруға бағытталған дәрістер, практикалық сабақтар және кездесулер өткізу жоспарланған.

Салтанатты шара барысында арнайы дәрісхананың лентасын кию рәсімі өтті. Іс-шара аясында «Заң мен тәртіп» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде құқықтық сауаттылықты арттыруға, заңдылық пен қоғамдық тәртіпті насихаттауға бағытталған әдебиеттер көпшілік назарына ұсынылды.

Кітап көрмесінің ашылу барысында Қызылорда облысы Полиция департаментінің бастығы С.Ерғешов сөз сөйлеп, студенттерге заң мен тәртіптің қоғамдағы маңызы, құқық қорғау саласының жауапкершілігі және жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру жөнінде ой бөлісті. Сонымен қатар университет кітапханасының қорын толықтыру мақсатында бірқатар кітаптар сыйға тартты. Бұл бастама білім алушылардың құқықтық білімін жетілдіруге және кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға бағытталған маңызды қадам.

Университет ректоры Байқадамов Наурызбай Сейтқалиұлы Полиция департаментінің бастығы Ерғешов Серік Жүрсінбайұлына «Қорқыт

Ата университетінің Алтын медалін» табыстады.

Сондай-ақ құқық қорғау органдарында табысты қызмет атқарып жүрген Полиция департаментінің қызметкерлері Мұратова Салтанат Амангелдіқызы, Смаилов Әділхан Мұратбекұлы, Жандуллаев Батырхан Сәкенұлы, Байменов Дәулетхан Бахытханұлы «Қорқыт

Ата университетінің Үздік түлегі» медалімен марапатталды.

Аталған шара білім беру мен құқық қорғау органдары арасындағы өзара байланысты нығайтып, болашақ заңгерлердің кәсіби даярлығын жетілдіруге бағытталған маңызды бастамалардың бірі болды.

«Ел тілегі» ақпарат



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – БАСТЫ ҰСТАНЫМ

Шаһар басшысы Нұржан Ахатовтың төрағалығымен өткен жиында «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында жүргізіліп жатқан шаралар барысы талқыланды. Мәжіліске құқық қорғау органдарының басшылары мен қала активі қатысты.

Қазіргі таңда қоғамдық тәртіпті сақтау, құқықбұзушылық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, жастар арасында буллинг пен лудоманияға жол бермеу, тазалық мәдениетін қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Қала халқымен кездесулер ұйымдастырылып, талап-тілектер

мен ұсыныстар тыңдалуда. Сонымен қатар, күнделікті рейдтік іс-шаралар өткізіліп, құқықтық кеңестер берілуде. Дегенмен, қағидат аясындағы іс-қимылды әлде де күшейту қажет.

– Біз оқиғалардың салдарымен емес, оның себебімен күресуіміз керек. Қазір құқық қорғау органдарының материалдық-техникалық базасы күшейтілді. Ендігі кезекте құқықбұзушылықтардың алдын алып, профилактикалық шараларды күнделікті ұйымдастыру маңызды. Сондықтан ортақ бастамаға бір кісідей жұмылып, жұмысты ұтымды үйлестіруіміз қажет, – деді Нұржан Сәбитұлы.

Жиында қала әкімі мектептердегі және оның аумақтарындағы қауіпсіздікке ерекше



назар аудару қажеттігін айтты. Сонымен қатар, санитарлық тазалыққа мән беріп, шаһар көркіне нұқсан келтіріп, абаттандыру қағидатын бұзған

кәсіпкерлерге, жеке тұлғаларға қатаң шаралар көруді тапсырды.

«Ел тілегі» ақпарат

СУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК – ЖЫЛ БОЙЫ НАЗАРДА

Жаз аяқталып, шомылу маусымы ресми түрде өз мәресіне жетті. Дегенмен күннің жылы болуы тұрғындардың су айдындарына баруын тоқтатқан жоқ. Қазір демалушылардан бөлек, балық аулауға шығатын азаматтардың да саны артып келеді. Сондықтан шомылу маусымының аяқталуы судағы қауіпсіздікке қатысты профилактикалық жұмыстардың тоқтайтынын білдірмейді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің Төтенше жағдайларды жою басқармасының бастығы Жандос Досымов мәлімдеді.

– Биылғы шомылу маусымы 1 маусымнан 31 тамызға дейін белгіленді. Облыс аумағында



9 коммуналдық жағажай, 32 демалыс орны, 5 спорт кешені және 9 балаларды сауықтыру лагері өз жұмысын тоқтатты. Осыған байланысты тұрғындарға арнайы жабдықталмаған және суға түсуге тыйым салынған

орындарға бармауды ескертеміз. Қауіпсіздік талаптарын түсіндіру жұмыстары жыл бойы жалғасып келеді. Жыл басынан бері 538 рейд өткізіліп, 18 мыңға жуық тұрғынға, оның ішінде 8 мыңнан астам жасөспірімге судағы

қауіпсіздік ережелері түсіндірілді. Балалар арасында 238 қауіпсіздік сабағы ұйымдастырылып, 38 752 оқушы қамтылды. Қазір су айдындарында балық аулайтын азаматтарға ерекше назар аударылып отыр. Балық аулауға барған кезде жалғыз бармау, кайық пайдалансаңыз, құтқару кеудешесін кию және алкогольдік ішімдік ішпеу қажет. Сондай-ақ ауа райының өзгеруіне, желдің күшеюіне және судағы жағдайға мән берген жөн, – деді Жандос Ерланұлы.

Қауіпсіздік ережелері тек шомылу маусымында ғана емес, су айдынына барған кез келген уақытта сақталуы тиіс. Әр азамат қарапайым сақтық шараларын ұстану арқылы өзінің және жақындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ете алады. Сондықтан тұрғындарды су айдындарында жауапкершілік танытып, белгіленген қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауға шақырамыз.

СЫР ӨНДІРІНДЕ КҮРІШКЕ ОРАҚ ТҮСТІ



«Қарауылтөбе» ауылдық округіндегі «Дала күні – 2026» іс-шарасында Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының егіс алқабына алғашқы орақ салу рәсімі өтті.

Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ермек Кенжеханұлы, Су ресурстары және ирригация вице-министрі Жандос Салимов, Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығының басқарма төрағасы Бауыржан Асанов, министрлік өкілдері, еліміздің жетекші ғылыми-зерттеу институттарының басшылары, қала және аудан әкімдері, облыстық басқармалар мен департаменттердің басшылары, су шаруашылығы мекемелері мен шаруа қожалықтарының төрағалары, қаржы институттарының өкілдері қатысты. Аймақ басшысы еңбеккерлерді құттықтап, биылғы жауапты науқанға дайындық барысында атқарылған жұмыстарға тоқталды.

«Сыр елі – ежелден диканшылық дәстүрі орныққан берекелі өңір. Ақ күрішпен аты шыққан аймақ бүгінде еліміздің азық-түлік қауіпсіздігіне елеулі үлес

қосып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы жаһандық азық-түлік нарығында бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін ғылымды дамытуды, соның ішінде тұқым шаруашылығын жандандыруды атап өткен болатын. Басты міндет – дәстүрлі саланың әлеуетін заманауи технология, ғылым және инновациямен сабақтастырып, су ресурстарын тиімді пайдалану арқылы мол өнімге қол жеткізу. Бұл ретте мемлекеттік қолдау мен ғылым мүмкіндігін шаруалардың тәжірибесімен ұштастыру маңызды. Барша дикан қауымын күрішке орақ түсуімен құттықтаймын! Еңбектеріңіз берекелі болып, ақ күріштен мол өнім жиналсын. Сыр өңірінің ырысы арта берсін!», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Жиында Ауыл шаруашылығы, Су ресурстары және ирригация вице-министрлері, Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығының басқарма төрағасы, облыстық ауыл шаруашылығы

және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев, «Ер-Әлі» шаруа қожалығының төрағасы Әліби Бекжанов сөз сөйлеп, саладағы өзекті мәселелерге қатысты өз пікірлерін білдірді. Басқосуда ала жаздай аптап ыстықта маңдай терін төгіп, ел ырысын еселеген мәртебелі еңбек адамдары марапат төрінен көрінді.

Аптап айтқанда, бірқатар азаматқа «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» медалі, облыс әкімінің Алғыс хаты, Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Еңбек ардагері», «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгілері және Құрмет грамотасы, Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Су шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісі мен «Құрмет грамотасы» табысталды.

Жиында ауыл шаруашылығы техникаларының көрмесі ұйымдастырылып, қатысушылар заманауи техникалармен және олардың мүмкіндіктерімен танысты.

Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты – күріш

селекциясымен және тұқым шаруашылығымен айналысатын бірегей аграрлық ұйым. Биыл институттың материалдық-техникалық базасын жаңғыртуға республикалық бюджеттен 4,2 млрд теңге бөлініп, заманауи селекциялық техникалар мен тұқым зауыттары алынды. Бұл тұқым шаруашылығының дамуына, оның ішінде отандық күріш сорттарының сапасы мен егіс көлемінің артуына оң әсерін тигізеді сөзсіз.

Қабылданған жүйелі шаралардың нәтижесінде вегетациялық кезең тұрақты өтіп, егіс алқаптары жоспарға сәйкес сумен қамтамасыз етілді. Одан бөлек, су үнемдеу технологияларын қолдауға 2026-2028 жылдарға 34 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінді.

Мемлекет басшысының сүды көп қажет ететін дақылдар көлемін оңтайландыру тапсырмасына сәйкес, биыл күріш алқабы қысқартылып, 70 мың гектарға егілді. Су үнемдеу технологияларын енгізу және әртараптандыру бағытында ірі инвестициялық жобалар қолға алынды.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

МАРАФОН ӨТТІ

Қызылорда қаласында «Заң мен тәртіп» қағидатын насихаттау, салауатты өмір салтын дәріптеу, бұқаралық спортты дамыту және полиция қызметкерлерінің дене дайындығын арттыру мақсатында жүгіру марафоны өтті.

Спорттық шараға Қызылорда облысы Полиция департаментінің Жылдам қимылдайтын арнайы жасағының қызметкерлері және «ARLAN» спорттық клубының мүшелері белсенді қатысты.

Марафон барысында қатысушылар өздерінің дене дайындығын шыңдап, спорттың адамды шыдамдылыққа, тәртіпке және алға қойған мақсатқа ұмтылуға тәрбиелейтінін көрсетті. «ARLAN» спорттық клубы осындай маңызды спорттық шараларға белсенді қатысып, полиция қызметкерлері арасында спорттық рухты қалыптастыруға және жастарды дене шынықтыруға баулуға өз үлесін қосып келеді. Мұндай спорттық шаралар салауатты өмір салтын қалыптастырып, қызметкерлердің кәсіби және дене дайындығын жетілдіруге ықпал етеді.



ОТАН ҚОРҒАУ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

Еліміздің қорғаныс қабілетін нығайту, Қарулы Күштер қатарын жас сарбаздармен толықтыру – мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды міндеттердің бірі. Осы бағытта Қызылорда қаласында 2026 жылғы күзгі мерзімді әскери қызметке шақыру науқаны басталды.

Әскер – азаматтың жігерін шыңдап, жауапкершілігін арттыратын, тәртіп пен төзімділікке тәрбиелейтін үлкен өмір мектебі. Бүгінде Отан алдындағы борышын өтеуге аттанған жастарға мемлекет тарапынан түрлі әлеуметтік қолдаулар көрсетіліп, әскери қызметтің беделін арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Осыған орай күзгі әскерге шақыру науқанының барысы, шақырылушыларға қойылатын талаптар мен әскери қызметтің артықшылықтары туралы Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасының әскери қызметті насихаттау, тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі инспекторы А. Бердибаевамен сұхбаттасқан едік.

– Қазіргі таңда Қызылорда қаласында күзгі әскерге шақыру науқаны басталды. Науқанның басты мақсаты қандай?

– Иә, еліміз бойынша 2026 жылғы күзгі мерзімді әскери қызметке шақыру науқаны өз жұмысын бастады. Бұл – Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес жүзеге асырылып жатқан маңызды мемлекеттік шаралардың бірі. Негізгі мақсат – Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері мен басқа да әскери құралымдарының қатарын толықтыру, мемлекетіміздің қорғаныс қабілетін нығайту. Әскерге шақыру – тек азаматтарды әскери қызметке қабылдау ғана емес, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу, олардың бойындағы жауапкершілік пен азаматтық парызын қалыптастыру бағытындағы маңызды жұмыс.

– Әскерге кімдер шақырылады?

– Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, әскери қызметке шақырудан босатуға немесе оны кейінге қалдыруға заңды негіздері жоқ, 18 бен 27 жас аралығындағы ер азаматтар мерзімді әскери қызметке шақырылады.

Әрбір шақырылушы міндетті түрде арнайы құрылған комиссиядан өтеді. Медициналық тексеру барысында олардың денсаулық жағдайы жан-жақты қаралады. Сонымен қатар психологиялық дайындығы да ескеріледі. Яғни, жас азаматтардың әскери қызметке жарамдылығы белгіленген талаптарға сәй



анықталады.

– Кейбір жастар әскерге баруды тек міндет ретінде қабылдайды. Әскери қызметтің берер тәрбиелік маңызы қандай?

– Әскери қызмет – әрбір азаматтың өміріндегі үлкен мектеп деп айтуға болады. Әскерге барған жас тәртіпке үйренеді, уақытты тиімді пайдалануды меңгереді, жауапкершілікті сезінеді. Сонымен қатар физикалық тұрғыдан шыңдалып, түрлі әскери машықтарды игереді.

Ең бастысы – әскери орта жастардың бойындағы отансүйгіштік сезімді күшейтеді. Бірлікке, достыққа, төзімділікке тәрбиелейді. Сондықтан әскери қызметті тек заң алдындағы міндет деп емес, азаматтық қалыптасудың, ерлік пен жігердің үлкен мектебі ретінде қабылдауымыз қажет.

– Бүгінде әскери қызметшілерге мемлекет тарапынан қандай қолдаулар көрсетіледі?

– Соңғы жылдары әскери қызметтің мәртебесін арттыру бағытында мемлекет тарапынан бірқатар әлеуметтік қолдау шаралары қарастырылып келеді. Әскери борышын абыроймен өтеген жастар үшін жоғары оқу орындарына түсу кезінде белгілі бір жеңілдіктер қарастырылған. Сондай-ақ білім алу мүмкіндіктері, гранттарға қол жеткізу және басқа да әлеуметтік қолдау тетіктері бар. Бұдан бөлек, әскери қызмет атқарып жүрген азаматтарға несие төлемдерін уақытша шегеру, яғни несие қарастырылған. Мұндай қолдаулар жастардың әскери қызметке деген қызығушылығын арттырып, олардың болашаққа сеніммен қарауына мүмкіндік береді.

– Әскерге шақырылушылар мен олардың ата-аналары қандай мәселелер

бойынша кеңес ала алады?

– Әскерге шақыру науқанына байланысты азаматтардың көкейінде түрлі сұрақтардың туындауы заңды. Мәселен, медициналық комиссиядан өту тәртібі, әскери қызметке жарамдылық мәселесі, оқуына немесе отбасы жағдайына байланысты әскери қызмет мерзімін кейінге қалдыру тәртібі жөнінде толық ақпарат алуға болады. Осы мәселелер бойынша шақырылушылар да, олардың ата-аналары да Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасына тікелей хабарласып, қажетті кеңес ала

алады. Біздің басты мақсатымыз – әрбір азаматқа заң талаптарын түсіндіру және әскери қызметке қатысты барлық мәселе бойынша нақты әрі жан-жақты ақпарат беру.

– Әскери шақыру қағазын немесе SMS-хабарлама алған азаматтарға қандай талап қойылады?

– Әскери шақыру қағазын немесе SMS-хабарлама алған азаматтар белгіленген уақытта Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасына келуі тиіс. Бұл – заңда белгіленген талап. Шақырылушыларға барлық рәсімдер

мен тексерулер заң талаптарына сәйкес жүргізіледі. Сондықтан азаматтарды шақыру хабарламасына жауапкершілікпен қарап, белгіленген уақытта келуге шақырамыз.

– Жастарға айтар кеңесіңіз бар ма?

– Отан қорғау – әрбір азамат үшін үлкен мәртебе әрі абыройлы міндет. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі – баршамызға ортақ құндылық. Бүгінгі жас – ертеңгі ел қорғаны. Сондықтан жастарды Отан алдындағы азаматтық борышына жауапкершілікпен қарауға шақырамын. Әскер – жігіттің жігерін шыңдап, мінезін қалыптастыратын, өмірлік тәжірибе сыйлайтын үлкен мектеп. Елдің тыныштығын күзету, туған жердің қауіпсіздігін қорғау – қасиетті парыз. Отанды қорғау – тек міндет емес, ол үлкен абырой.

ТҮЙІН:

Бүгінде еліміздің Қарулы Күштер қатарын толықтыру бағытындағы күзгі әскерге шақыру науқаны жалғасуда. Бұл – жастардың азаматтық жауапкершілігін айқындайтын маңызды кезең. Әскерге шақыру тәртібі және басқа да мәселелер бойынша толық ақпарат алу үшін азаматтар Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасына жүгіне алады.



Бейбіт күнде қара жолдың бойында армандар адыра қалып, үміттердің үзілетіні – өкініш. Жүргізушілердің жол ережесін сақтамауынан, салғырт қараудың салдарынан жол үстінде көз жұмғандар көп. Сондықтан жол қауіпсіздігі қоғам назарын аударған мәселенің біріне айналып отыр.

Қазіргі таңда көлік – күнделікті тіршіліктің ажырамас бөлігіне айналды. Бірі жұмысқа асықса, бірі алыстағы ағайынға жол тартады, енді бірі жолаушы тасымалдап, нәпақасын табады. Алайда жол үстіндегі әрбір қозғалыстың, әрбір шешімнің артында үлкен жауапкершілік тұрғанын кейде естен шығарып алып жатамыз. Бір сәттік асығыстық, жол ережесіне немқұрайлы қарау немесе жүргізушінің назарын жоғалтуы адам өміріне қауіп төндіруі мүмкін.

Жол-көлік оқиғалары – қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі. Оның алдын алу тек құқық қорғау органдарының ғана емес, барша жол қозғалысына қатысушылардың ортақ міндеті. Өйткені жол қауіпсіздігі жүргізушінің де, жолаушының да, жаяу жүргіншінің де жауапкершілігі мен тәртібіне тікелей байланысты.

Қызылорда қаласында жол-көлік оқиғаларының алдын алу, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде биылғы жылдың 8 айында қала аумағында барлығы 575 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Жол апаттарының салдарынан 15 адам қаза тауып, 649 адам әртүрлі дене жарақатын алған. Өткен жылдың кезеңімен салыстырғанда жол-көлік оқиғаларының жалпы саны 17 пайызға төмендеген. Атап айтқанда, былтыр 693 жол-көлік оқиғасы тіркелсе, биыл бұл көрсеткіш 575-ке дейін азайған. Сондай-ақ жарақат алғандар саны да 25,3 пайызға, яғни 869 адамнан 649 адамға төмендеген.

Алайда қайғылы жағдайлардың алдын алу бағытында әлі де атқарылар жұмыс аз емес. Өйткені жол апаттарының жалпы саны азайғанымен, қаза болғандар саны керісінше 36,3 пайызға өсіп, 11 адамнан 15 адамға жеткен. Орын алған жол-көлік оқиғаларына жүргізілген талдау барысында олардың басым бөлігін жаяу жүргіншілерді қағып кету деректері құрайтыны анықталған. Қала бойынша жыл басынан бері жаяу жүргіншілерді қағудың 334 дерегі тіркелген.

Кейде жүргізушілер уақыттан ұтылмау үшін жылдамдықты асырып, жолдағы қауіп-қатерді екінші кезекке ысырып жатады. Алайда жол – асығыстықты

ЖОЛДАҒЫ ТӘРТІП – ӨМІР ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ



көтермейтін орта. Қауіпсіздік белдігін тағу да қарапайым ғана талап болып көрінуі мүмкін. Бірақ дәл осы қарапайым талап күтпеген жағдай кезінде адам өмірін қорғауда маңызды рөл атқарады. Осы ретте қызылорда қаласында жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзудың алдын алу бағытындағы бақылау жұмыстары да тұрақты жүргізілуде.

Мас күйінде көлік жүргізу – ауыр жауапсыздық

Жол үстіндегі ең қауіпті құқық бұзушылықтардың бірі – көлік құралын алкогольдік масаң күйде басқару. Қызылорда қаласы Полиция баскармасының Патрульдік полиция батальоны қызметкерлері жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол-көлік оқиғаларының алдын алу

мақсатында күшейтілген режимде қызмет атқарып келеді.

Полиция қызметкерлерінің мәліметінше, жүргізілген рейдтік-профилактикалық іс-шаралар барысында бір апта ішінде мас күйінде көлік басқарған 10 жүргізуші анықталған. Аталған құқық бұзушылықтар бойынша кінәлі тұлғаларға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 608-бабына сәйкес тиісті шаралар қабылданды.

«Жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтап, жауапкершіліктен жалтаруға және мас күйінде көлік басқармауға шақырамыз. Жолдағы қауіпсіздік – әрқайсымыздың ортақ міндетіміз», – деп атап өтті ведомство өкілдері.

Сонымен қатар Қызылорда қаласында жүргізуші куәлігінің әрі алкогольдік масаң күйде көлік басқарған 32 жастағы азамат анықталды.

Патрульдік полиция қызметкерлері

жол қозғалысы ережесін бұзған «Mercedes-Benz» маркалы автокөлікті тоқтатқан. Тексеру барысында жүргізуші жауапкершіліктен жалтаруға әрекет жасап, көлік құралын өзі басқармағанын айтып, жолаушылар орнына ауысқан. Алайда полиция қызметкерлерінің тексеруі нәтижесінде оның алкогольдік ішімдік ішкені анықталды. Наркологиялық сараптама қорытындысына сәйкес, азаматтың орта дәрежедегі алкогольдік масаң күйде болғаны расталды.

Аталған дерек бойынша құқық бұзушыға қатысты Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 608-бабының 6-бөлігіне сәйкес әкімшілік хаттама толтырылды. Автокөлік арнайы айып тұрағына қойылды. Полиция қызметкерлері жүргізушілерге жол қозғалысы ережелерін сақтап, көлік басқару кезінде барынша жауапты болу қажеттігін ескертеді.

Балалардың қауіпсіздігі – басты назарда

Жол қозғалысына қатысушылардың ішінде ең осал топтардың бірі – балалар. Себебі олар жолдағы қауіп-қатерді әрдайым толық бағалай бермейді. Сондықтан бала қауіпсіздігіне ата-ана, ұстаз және жалпы қоғам болып ерекше көңіл бөлу маңызды.

Қызылорда қаласында балалардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында жүйелі түрде профилактикалық және түсіндіру іс-шаралары ұйымдастырылып келеді. Әсіресе жаңа оқу жылы қарсаңында оқушылардың жолдағы қауіпсіздігіне баса назар аудару қажет. Бұл ретте ата-ананың жауапкершілігі ерекше. Осы бағыттағы профилактикалық жұмыстар аясында Қызылорда қаласындағы Ө. Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейінде оқушылармен түсіндіру кездесуі ұйымдастырылды. Кездесуге Қызылорда қаласы Полиция баскармасы Патрульдік полиция батальоны командирінің жеке құрамымен жұмыс жөніндегі орынбасары, полиция майоры Шамахов Ержан Ибраевич және Қызылорда облысы Полиция департаменті Әкімшілік полиция баскармасы үгіт-насихат тобының инспекторы, полиция аға лейтенанты А. Рахманберді қатысты.

Полиция қызметкерлері оқушыларға жолда жүру қауіпсіздігі, жаяу жүргіншілердің міндеттері, жол белгілері мен бағдаршам талаптарын сақтау, сондай-ақ жол қозғалысы ережелерін бұзудың салдары жөнінде жан-жақты түсіндірді. Мамандар балаларға жолдан өту кезінде барынша мұқият болып, белгіленбеген жерден жолды кесіп өтпеудің маңыздылығын атап өтті.

Кездесу барысында оқушылар да белсенділік танытып, өздерін қызықтырған сауалдарын қойды. Полиция қызметкерлері оқушылардың сұрақтарына жауап беріп, жол қауіпсіздігіне қатысты қажетті ақпаратпен бөлісті. Мұндай профилактикалық кездесулердің маңызы зор. Себебі оқушыларға жол ережесін түсіндіру – оның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды қадамы. Жолдағы қауіпсіздік – әр баланың өмірін қорғаудан басталады. Ал бала қауіпсіздігі – баршамызға ортақ міндет.

Түйін: Жол ережесін сақтау – жай ғана заң талабы емес, адам өміріне деген күрмет. Бір сәттік қателік орны толмас өкінішке айналмас үшін жолда әрдайым сақ болайық. Жолдағы тәртіп – қауіпсіздіктің, ал қауіпсіздік – адам өмірінің басты кепілі.

«Ел тілегі» ақпарат

Қызылорда қаласының әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бөлім басшысының және орынбасарының азаматтарды жеке қабылдау кестесі

P/c	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1.	Әжібеков Мейрамбек Темірханұлы	Бөлім басшысы	Жұма күні сағат 16:00-18:00-ге дейін	Ы.Жахаев көшесі №24	40-05-54
2.	Әзірбек Нұрбек Әзірбекұлы	Бөлім басшысының орынбасары	Бейсенбі күні сағат: 16:00-18:00-ге дейін	Ы.Жахаев көшесі №24	40-05-58

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22 ақпандағы №814 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығына және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-У «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8(7242)40-05-14 «Сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

ЖАҢА КӨПІР ЕЛ ИГІЛІГІНЕ АЙНАЛДЫ

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев қала аумағындағы жол инфрақұрылымын дамыту және жаңғырту жұмыстарының барысымен танысты. Нұрлыбек Машбекұлының бастамасымен қолға алынған жобалар қазіргі уақытта кезең-кезеңімен ел игілігіне айналууда.

Аймақ басшысы алдымен Тасбөгет кентіндегі жол жөндеу жұмыстарының барысын көрді. «УАД» серіктестігі жүзеге асырған жобаға 5,1 млрд теңге қаралған, 4,4 шақырым көше жөнделіп, Есенов және Амангелді көшелері төрт жолақты етіп кеңейтілуде. Барлығы талапқа сай, жаяу жүргіншілер жолы салынып, су келетін лотоктар орнатылып жатыр. Жаңа асфальт-бетон төселіп, заманауи жарықтандыру жүйесі іске қосылады.

«Бәйтерек» шағын ауданы мен қала орталығын байланыстыратын маңызды инфрақұрылым нысаны – онүстік магистральды каналы арқылы өтетін жаңа

көпір. Көпір құрылысы толық аяқталған, ұзындығы – 53 метр, ені – 7 метр, екі жолақты. Толық жарықтандырылған, көлік қозғалысына қолайлы жағдай жасалған. Құрылысты «Асанас-Дар» серіктестігі жүргізді.

Жол активтері сапасы ұлттық орталығының жылжымалы зертханасы көпірдің беріктігі мен сапасын арнайы бақылаудан өткізді. Жаңа көпір «Бәйтерек» шағын ауданына қоныстанған тұрғындарға, қауіпсіз көлік қатынасына өте ыңғайлы.

Сағымбаев көшесін Торайғыров көшесінен «Қызылорда-Күмкөл» автожолына дейін қайта жаңғырту жұмыстарын

көріп шыққан аймақ басшысы 2,174 шақырымның төрт жолақты болып кеңейтілуі көлік ағынын тиімді өткізуге мүмкіндік беретінін атап өтті. Көлік көп шоғырланатын қарбалас уақыттағы қозғалыстың қарқынын реттеп, кептелісті азайту үшін қолға алынған жоба аясында жаяу жүргіншілер жолы салынып, заманауи жарықтандыру бағаналары орнатылды. «Қыран» серіктестігі құрылысына 1 млрд 592 млн теңгесі қаралған қаланың жол-көлік инфрақұрылымын дамытудағы ауқымды жобаны жүзеге асырды. Айта кетейік, 2022-2026 жылдары облыста 1700 шақырым автомобиль жолы мен 35 көпір өткелін салу және күрделі жөндеуге шамамен 185,8 млрд теңге қаржы бөлінді. Нәтижесінде жаксы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 82 пайыздан 95 пайызға дейін артты.

Хабарландыру

«Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ хабарлайды: 2026 жылғы 17 мен 23 қыркүйек аралығында (5 жұмыс күн ішінде) "Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз" АҚ-ңқалалық нысандары үшін 2027-2036 жж. декларацияланатын шығарындылар мен қалдықтардың жобасы бойынша жария талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Жоба құжаттамасы Ұлттық деректер банкі сайтында (ndbecology.gov.kz) және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында орналастырылған және ескертулер мен ұсыныстар қабылданады.

Бастамашысы: «Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ, БСН 940 540 000 210, Қызылорда қ., Қазыбек би көшесі, 13, тел.: 8 (777) 785 1520, e-mail: lidia.kim@petrokazakhstan.com.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Сыр-Арал сараптама» ЖШС-і, Қызылорда қ., Желтоқсан 120, БСН 101140013315, e-mail: sa-saraptama@mail.ru., тел.: 8 (7242)230306.

Объявление

АО "Петро Казахстан Кумколь Ресорсиз" сообщает, что с 17 по 23 сентября 2026 года (в течение 5 рабочих дней), будут проводиться общественные слушания посредством публичных обсуждений по Проекту декларационных выбросов и отходов для городских объектов АО ПетроКазахстан Кумколь Ресорсиз на 2027-2036 гг.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов (https://ndbecology.gov.kz/), также на данном сайте принимаются замечания и предложения.

Инициатор: АО "Петро Казахстан Кумколь Ресорсиз", БИН 940 540 000 210, г. Кызылорда, ул. Казыбек би, 13, тел.: 8 (777) 785 1520, e-mail: lidia.kim@petrokazakhstan.com.

Разработчик проекта: ТОО «Сыр-Арал сараптама», БИН 101140013315, г. Кызылорда, ул. Желтоқсан, 120, e-mail: sa-saraptama@mail.ru., тел.: 8 (7242)230306.

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Шиелі ауданының әкімі Айтбай Жандарбеков тиісті сала басшыларымен бірге аудан орталығында жүргізіліп жатқан Яссауи көшесі жолының қайта жаңғырту жұмыстары барысымен танысты.

Айта кетейік, қазіргі таңда Шиелі кентіндегі Яссауи, Бәкіров, Есабыз және Байтұрсынов көшелерінің қиылысынан Шиелі кентіндегі К-4 каналы көпіріне дейінгі автомобиль жолдарын қайта жаңғырту мен жаяу жүргіншілер жолдарын салу жобалары жүзеге асырылуда. Жобаның жалпы құны 1 млрд 520 млн теңгені құрайды. Жаңғыртылатын автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 4,04 шақырым.

Жобаның бас мердігері – «УАД» ЖШС, техникалық қадағалаушысы – «СК Энерго-ОИЛ» ЖШС, ал авторлық қадағалаушы мекеме – «СпецМонтажСтрой LTD» ЖШС.

Жоба аясында Яссауи көшесі төрт жолақты болып қайта жаңғыртылады. Сонымен қатар, жоба толық аяқталғаннан кейін аталған көшелер заманауи талаптарға сай жаңартылып, жолдың жүріс бөлігі абаттандырылады, жол бойына заманауи аялдамалар орнатылатын болады. Сондай-ақ, жол белгілері, жол таңбалары және көше жарықтандыру шамдары толықтай жаңартылатын болады.

Жұмыс барысымен танысқан аудан әкімі мердігер мекемеге құрылыс жұмыстарының сапасын қатаң бақылауда ұстап, белгіленген мерзімде аяқтау жөнінде нақты тапсырмалар берді.

«Ел тілегі» ақпарат





07.09-13.09.2026

Бұл апта көптеген жұлдыз белгілері үшін жаңару, жоспар құру және маңызды шешімдер қабылдау кезеңі болмақ. Апта ортасында қарым-қатынас пен сезім тақырыбы күшейіп, жаңа бастамаларға қолайлы мүмкіндік туады.

ТОҚТЫ

Бұл апта сізге белсенділік пен жаңа идеялар сыйлайды. Жұмыста бастамашыл болсаңыз, жақсы нәтижеге қол жеткізесіз. Кейбір кейінге қалған шаруалар қайтадан күн тәртібіне шығуы мүмкін. Қаржылық мәселеде асығыс шешім қабылдамаңыз. Жақындарыңызбен ашық сөйлесу көңіліңізді тыныштандырады.

ТОРПАҚ

Апта тыныш әрі нәтижелі өтеді. Жеке өмірде маңызды әңгіме болуы мүмкін. Қарым-қатынаста түсінікті таңыту сіз үшін маңызды болмақ. Қызметте жаңа мүмкіндік немесе қызықты ұсыныс күтіледі. Қаржыңызды жоспарлап жұмсаған дұрыс.

ЕГІЗДЕР

Бұл аптада байланыс пен кездесулер көбейеді. Бұрыннан таныс адамнан күтпеген хабар алуыңыз мүмкін. Жұмыста ұсақ-түйекке алаңдамай, басты мақсатқа назар аударыңыз. Жаңа идеяларыңызды жүзеге асыруға қолайлы кезең.

ШАЯН

Апта эмоционалды оқиғаларға толы болуы мүмкін. Отбасы мен жақындарыңызға көбірек көңіл бөлесіз. Жұмыста сабырлылық танытсаңыз, күрделі мәселенің шешімі табылады. Қаржыға қатысты жоспарсыз шығыннан сақ болған жөн.

АРЫСТАН

Өзіңізді көрсетуге және қабілетіңізді дәлелдеуге мүмкіндік туындайды. Аптаның ортасында маңызды кездесу немесе жағымды жаңалық болуы ықтимал. Қарым-қатынаста ашықтық пен шынайылық қажет. Жаңа жоспар құруға жақсы уақыт.

БИКЕШ

Бұл апта сіз үшін ерекше маңызды. Өміріңізде тәртіп орнатып, жаңа мақсаттарға қадам жасауға мүмкіндік туады. Қызметте еңбегіңіз бағалануы мүмкін. Өзіңізге сенімді болыңыз және бастамаларыңызды кейінге қалдырмаңыз.

ТАРАЗЫ

Апта қарым-қатынас мәселелеріне назар аудартуы мүмкін. Кейбір түсініспеушіліктерді сабырлы әңгіме арқылы шешуге болады. Жұмыста келіссөздер мен жаңа серіктестікке қолайлы уақыт. Өз ойыңызды батыл жеткізіңіз.

САРЫШАЯН

Апта сезімге толы болады. Жеке өмірде күтпеген өзгерістер болуы мүмкін. Жаңа таныстық немесе бұрынғы қарым-қатынастың жаңа деңгейге көтерілуі ғажап емес. Жұмыста маңызды шешім қабылдау алдында барлық жағдайды саралап алыңыз.

МЕРГЕН

Бұл аптада жаңа мүмкіндіктерге жол ашылады. Достармен және әріптестермен қарым-қатынас жақсы дамида. Алдағы жоспарларыңызды нақтылап, үлкен мақсаттарды шағын қадамдарға бөліңіз. Өзіңізге демалуға да уақыт қалдырыңыз.

ТАУЕШКІ

Қызмет пен мансап мәселесі алдыңғы орынға шығады. Еңбегіңіздің нәтижесін көретін уақыт жақын. Басшылықпен немесе әріптестермен маңызды әңгіме болуы мүмкін. Жеке өмірде жақын адамыңыздың пікіріне құлақ асқан жөн.

СУҚҰЙҒЫШ

Апта өзгерістер мен жаңа ойларға толы болады. Шығармашылық қабілетіңіз артып, тың бастамаларға қызығушылық пайда болады. Қаржы мәселесінде мұқият болған жөн. Кейбір күтпеген әңгімелер сізге маңызды шешім қабылдауға көмектеседі.

БАЛЫҚТАР

Бұл апта сабырлылық пен төзімділікті қажет етеді. Асығыс шешім қабылдаудан аулақ болыңыз. Жақын адамыңызбен сырласу көңіліңізді жеңілдетеді. Қызметте бұрын басталған істі аяқтауға қолайлы уақыт.

АВТОЖАНАРМАЙ ҚҰЮ СТАНЦИЯЛАРЫ МЕН РЕЗЕРВУАРЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Автожанармай құю станциясы (АЖҚС) – күнделікті өмірде көпшілік жиі пайдаланатын нысандардың бірі. Алайда сырт көзге қарапайым көрінгенімен, мұнда жанғыш және жарылыс қаупі бар мұнай өнімдерімен жұмыс жүргізіледі. Сондықтан АЖҚС аумағындағы әрбір технологиялық операция, әрбір жабдықтың жұмысы және мұнай өнімдерін сақтауға арналған резервуарлардың жай-күйі өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына тікелей байланысты.

Мұнай өнімдерін қабылдау, сақтау және босату процестерінде қауіпсіздік талаптарының сақталмауы өртке, жарылысқа, мұнай өнімдерінің төгілуіне, қоршаған ортаның ластануына және адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге әкеп соғуы мүмкін. Осыған байланысты АЖҚС-ны қауіпсіз пайдалану – тек техникалық міндет емес, ол барлық қызметкердің жоғары жауапкершілігін талап ететін маңызды бағыт.

Қазақстан Республикасында мұнай-химия, мұнай өңдеу салаларындағы қауіпті өндірістік

объектілер, мұнай базалары мен автожанармай құю станциялары үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптар арнайы нормативтік актілермен реттеледі. Атап айтқанда, АЖҚС қауіпсіздігіне қойылатын талаптар ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №342 бұйрығымен бекітілген қағидаларда белгіленген. Аталған құжатқа кейіннен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

АЖҚС-дағы өнеркәсіптік қауіпсіздіктің негізгі қағидаларының бірі – қауіпті жағдайдың туындауын күтпей, оның алдын алу.

Мұнай өнімдерімен жұмыс кезінде технологиялық тәртіпті сақтау, жабдықтарды жарамды күйде пайдалану, қауіпсіздік құрылғыларының жұмыс қабілеттілігін бақылау және белгіленген пайдалану талаптарын орындау аса маңызды. Жабдықтарды жарамсыз күйде немесе қауіпсіздік құрылғылары істемей тұрған кезде пайдалануға жол берілмейді.

Мысалы, отын құю кезінде автомобильдің қозғалтқышын өшіру – қарапайым талап болып көрінгенімен, оның артында нақты қауіпсіздік мақсаты жатыр.

Бұл талаптардың әрқайсысы адам өмірі мен мүлкін қорғауға бағытталған.

Қауіпсіз өндіріс – жауапты қызметкерден, жарамды жабдықтан және талаптарды күнделікті мұлткіз орындаудан басталады.

Н.Ш. УРАЗАКОВ,
Қазақстан Республикасы Төтенше
жағдайлар министрлігі
Қызылорда облысының Төтенше
жағдайлар департаменті
Өнеркәсіптік қауіпсіздік
басқармасының мұнай-газ, мұнай-
химия өнеркәсібіндегі, магистральдық
құбырларды және жару жұмыстарын
мемлекеттік бақылау және қадағалау
бөлімінің бас маманы

БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Бүгінде дүкен сөрелерінде, интернет желіде ББҚ-дың өте көп түрлерін табуға болады. Биологиялық белсенді қоспалар (әрі қарай ББҚ) – тағам құнарларын арттыру мақсатында қолданылатын табиғи тектес қоспалар. Ол мамандандырылған азық-түлік өнімдерін жатады және дәрілік зат болып табылмайды.

ББҚ-ды дәрі-дәрмектер орнына қолдануға болмайды. Дәрі-дәрмектерді аурудың алдын алу, емдеу үшін қолданса, ББҚ ферменттердің түзілуі үшін, адам ағзасындағы керекті дәрумендер мен минералдарды толықтыру мақсатында пайдаланылады.

Кеден Одағының 021/2011 «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентінің 26-бабына сәйкес мамандандырылған тамақ өнімдері, оның ішінде ББҚ-ның мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтері бірыңғай тізілімге (реестрге) енгізілуі керек.

ҚР 07 шілде 2020 жылғы №360-IV ҚРЗ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 56-бабының 1-тармағында тағамға ББҚ жарнамасы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылатындығы көрсетілген. Яғни Қазақстан Республикасының ДСМ-нің 2020 жылғы 27 қазандағы № 160/2020 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық ба-

қылаудағы және қалағалаудағы мемлекеттік тіркеуге жататын өнімдердің (тауарлардың) жарнамасын жүзеге асыру қағидалары» негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

Тағамға биологиялық белсенді қоспаларды жарнамалау кезінде мынандай ақпараттар: сауда атауы, құрамы туралы, негізгі ұсынымдар, қолдану тәсілі мен дозасы, жанама әсерлері, қолдану тәсілі көрнекі және түсінікті болуы, өндірушінің атауы, мекен жайы және Қазақстан Республикасында наразылықтарды қабылдауға өндіруші уәкілеттік берген тұлғаның аты, мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі мен берілген күні міндетті түрде қамтылу қажет.

Барлық тағамдық қоспалар Қазақстанда міндетті мемлекеттік тіркеуге жатады. ББҚ-ны сатып алғанға дейін тексеруді, яғни Кеден одағының сайтында мемлекеттік тіркеу куәлігінің бірыңғай тізілімінде тіркелуін тексеруді ұсынамыз, өйткені мемлекеттік тіркеуден өтпеген ББҚ-ны өткізу адамдардың денсаулығы мен өмірі үшін қауіпті. Сондықтан мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің бар екендігіне көз жеткізген жағдайда ғана ББҚ-ны пайдаланған жөн.

Жанар ПЕРМЕБАЙҚЫЗЫ,
Сырдария аудандық СЭББ
жетекші маманы

МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖЕКЕ КЛИНИКАЛАР: ПАЦИЕНТ ҮШІН ТИІМДІ ТАҢДАУ

Қызылорда қаласында жекеменшік медициналық ұйымдар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында халыққа бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсетуге белсенді түрде атсалысуда. Соғардың бірі – «Али-Нұр Мед» клиникасы. Бұл мекемеге Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалы ұйымдастырған баспасөз туры барысында тілшілер арнайы барды.

Сенбі күні өткен Ашық есік күні аясында клиника мамандары тіркелген тұрғындарды қабылдады. Қызылордалықтар өздеріне ыңғайлы уақытта дәрігерлердің кеңесін алып, қажетті медициналық тексерулерден өте алды.

Пациенттердің арасында балаларымен бірге келген Лаура Елемесова да болды. Оның айтуынша, отбасының барлық мүшесі осы медициналық ұйымға тіркелген.

«Жұмыс күндері жұмыста болатындықтан, демалыс күні дәрігерлерге қаралу біз үшін өте ыңғайлы. Емханадағы қызмет көрсету сапасы ұнайды – ұзын-сонар кезек жоқ, әрі қажетті медициналық қызметтердің барлығын бір жерден алуға болады. Бұл – МӘМС жүйесі ұсынған жақсы мүмкіндік», – деді Лаура Елемесова.

Бүгінде «Али-Нұр Мед» клиникасына шамамен 5 мың тұрғын тіркелген. Мұнда жалпы практика дәрігерлерімен қатар кардиолог,

эндокринолог, хирург, офтальмолог, ревматолог, гастроэнтеролог және басқа да бейінді мамандар қабылдау жүргізеді.

Медициналық ұйым қажетті диагностикалық құрал-жабдықтармен, оның ішінде флюорографиялық және рентгенологиялық зерттеулер жүргізуге арналған жабдықтармен қамтамасыз етілген. Бұл тұрғындарға қажетті тексерулерден клиниканың өзінде өтуге мүмкіндік береді.

«Жалпы практика дәрігерлерінен бөлек, бізде әртүрлі бейіндегі мамандар қабылдау жүргізеді. Тіркелген тұрғындар үшін медициналық көмекті барынша қолжетімді етуге тырысамыз. Пациенттеріміздің бізге деген сенімі үшін алғыс айтамыз. Бұл біз үшін үлкен жауапкершілік», – деді жалпы практика дәрігері Аружан Қосбергенова.

Клиника көрсететін медициналық қызмет түрлерін кезең-кезеңімен кеңейтіп келеді. Егер бұған дейін медициналық ұйым негізінен күндізгі стационар қызметтерін көрсетсе, бүгінде тіркелген тұрғындарға бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсетеді.

2026 жылы «Али-Нұр Мед» клиникасына МӘМС жүйесі аясында медициналық көмек көрсетуге Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры тарапынан шамамен 221 млн теңге қарастырылған.

«Ел тілегі» ақпарат

МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖЕКЕ КЛИНИКАЛАР: ПАЦИЕНТ ҮШІН ТИІМДІ ТАҢДАУ

МӘМС жүйесіндегі жеке клиникалар: пациент үшін тиімді таңдау

📞 QOLDAU 24/7 📍 1414 📧 SAQTANDYRUBOT

2026 жылғы III тоқсанда «Жалағаш ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бөлім басшысының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы органдардың қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты, әкесінің аты	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Жамалатов Мардан Сырмағанбетұлы	Бөлім басшысы	Күнделікті 15:00 ден 19:00ге дейін	Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3	8(72431) 31-9-95 32-3-82

Меншік иесі:
«Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Бас редактор
Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Рысбай Кәрімов

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде қайта тіркеліп, 2025 жылдың 30 маусым айында есепке алу туралы номері KZ 53VPY00123138 күйіліп берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 8536 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №197
E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/